

Үржар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 05 қыркүйектегі № 31-323/VI " Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Қабанбай ауылында және Алакөл көлінің жағалауында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешімінің қолданылуын тоқтата тұру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 ақпандағы № 38-416/VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 ақпанда № 5739 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 қарашадағы № 46-509/VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 15.11.2019 № 46-509/VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 49 бабы 1 тармағы 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Үржар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 05 қыркүйектегі "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Қабанбай ауылында және Алакөл көлінің жағалауында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" № 31-323/VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-18-163 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 08 қазанындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде және "Пульс времени/Уақыт тынысы" газетінің 2018 жылдың 08 қазанында жарияланған) шешімінің қолданылуы 2019 жылдың 20 сәуіріне дейін тоқтатыла тұрсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК